

УЧАСТНИКАМИ СОГЛАШЕНИЯ О МЕЖДУНАРОДНОМ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОМ ГРУЗОВОМ СООБЩЕНИИ (СМГС) ЯВЛЯЮТСЯ 26 СТРАН. НАША ГЛАВНАЯ ЗАДАЧА – СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ДОКУМЕНТА, ЧТОБЫ СМГС СООТВЕТСТВОВАЛО ВЫСОКИМ СТАНДАРТАМ И ПОТРЕБНОСТЯМ СОВРЕМЕННОГО РЫНКА ТРАНСПОРТНЫХ УСЛУГ, ПЕРЕВОЗКИ БЫЛИ МАКСИМАЛЬНО ЭФФЕКТИВНЫ, КОМФОРТНЫ И ОТВЕЧАЛИ ОЖИДАНИЯМ И ТРЕБОВАНИЯМ ВСЕХ УЧАСТНИКОВ ПЕРЕВОЗОЧНОГО ПРОЦЕССА.

Елена ОЛЕКСИЙ,
председатель Комиссии Организации сотрудничества
железных дорог по транспортному праву



№31 (2961)
09/04/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ПРОГРАММА СТРАТЕГИЧЕСКОГО ПАРТНЕРСТВА

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев посетил с неформальным визитом Хиву, где встретился с Президентом Узбекистана Шавкатом Мирзиёевым. В контексте укрепления взаимодействия в регионе лидеры двух стран приветствовали инициативы создания Совместного предприятия между железнодорожными администрациями Казахстана и Узбекистана, представления на взаимовыгодной основе грузовых терминалов на казахстанско-китайской границе и в Узбекистане для организации грузоперевозок по маршруту Китай – Казахстан – Узбекистан.



Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Проект будет способствовать наращиванию двусторонней торговли, увеличению объемов транспортировки товаров, а также создаст благоприятные условия для наращивания грузоперевозок в южном направлении. Совместное предприятие будет задействовано в развитии Трансафганского маршрута.

Как отметил Глава нашего государства, правительства двух стран активно работают над реализацией достигнутых договоренностей. Плановмерно испол-

няются соответствующие «дорожные карты», идет работа по подписанным соглашениям и торговым контрактам. Сохраняются неплохие показатели взаимного товарооборота. По итогам прошлого года он составил 4,4 миллиарда долларов. Реализуются совместные проекты в сферах транспорта и логистики, промышленности, энергетики, сельского хозяйства. На сегодня портфель включает 60 совместных проектов с объемом инвестиций свыше 2,5 миллиарда долларов и созданием более 13 тысяч рабочих мест. Успешно продвигается проект строительства Международного центра промышленной кооперации.

Лидер Казахстана считает, что казахстанско-узбекский тандем – это жизненная необходимость, и только вместе и сообща можно обеспечить устойчивое развитие наших стран. В этой связи Глава государства поддержал принятие Программы стратегического партнерства и союзничества между Казахстаном и Узбекистаном до 2034 года.

Кроме того, Касым-Жомарт Токаев и Шавкат Мирзиёев рассмотрели региональную повестку дня и сверили часы по вопросам взаимодействия в международных структурах.

Фото с сайта Akorda.kz

ШТАТТЫҚ РЕЖИМДЕ



Еліміздегі су тасқынымен байланысты төтенше жағдайға орай республикалық теміржолдарда тасқын суларды жасанды құрылыстар, яғни көпірлер, құбырлар, таулы және су бұру арықтары арқылы өткізу штаттық режимде жүзеге асырылып жатыр.

Магистральдық теміржол бойында тасқын сулардың жиналуы Ақмола, Қостанай, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарының шекараларында байқалады. Осыған байланысты айналма жолдарды ұйымдастыру және су тасқыны жағдайын бақылау жөніндегі шаралар күшейтілді. Теміржолдарды су шайып кету қаупі жоқ, барлық қауіпті жерде бақылау жұмыстары жүргізілуде.

«ҚТЖ» АҚ ҰК Басқарма төрағасы Н.Сауранбаев пен төраға орынбасары Қ.Әлмеғамбетов, Магистральдық желі дирекциясының директоры С.Рахметов аймақтағы апатты ахуалға орай Атырауға барып, Құлсары-Атырау аралығындағы темір жол мен көпірлердің жағдайымен танысып, штаб жиналысына қатысты.

Жалпы 23 мыңға жуық теміржолшы табиғи апатпен күреске жұмылдырылды.
Раихан ПАХМЕТОВА

ТРАНЗИТУ ИЗ КОРЕИ БЫТЬ



В городе Сеуле (Корея) состоялась рабочая встреча с участием АО «KTZ Express», китайских партнеров, ключевой фокус которой – обсуждение вопросов оптимизации перевозочного процесса железнодорожным транспортом, а также развитие транзитных перевозок из Китая.

Организаторами мероприятия выступили крупнейшие китайские компании – China Railway Container Transport Co., Ltd (CRCT) и Lianyungang Port Group (LPG).

Со стороны АО «KTZ Express» в мероприятии приняли участие заместитель генерального директора по логистике Айбек Капар. Он ознакомил участников с текущими возможностями транзита грузов через территорию Казахстана, уделив отдельное внимание условиям перевозок по TMTM.

По итогам встречи достигнуты важные для казахстанской стороны договоренности об осуществлении транзитных перевозок запасных автомобильных частей из Кореи в страны Центральной Азии.

АО «KTZ Express» совместно с CRCT и автомобильными концернами Hyundai и General Motors планируют приступить к поставкам в ближайшее время.

Алуа ТЛЕУБАЙ

ПОШТА ВАГОНЫ ҚОСЫЛДЫ



«ҚТЖ» ҰК АҚ мен «Қазпошта» АҚ бірлескен жобасының тұсауын кесті. Ағымдағы жылдың сәуір айынан бастап «Алматы – Маңғыстау» қатынасындағы №77/78 жолаушылар пойызы құрамына пошта вагоны тіркеліп отыр.



Жүк вагонына 10 тоннаға жуық пошта жөнелтілмдері: хат-хабарлар, сәлемдемелер т.т. Шу, Тараз, Шымкент, Түркістан, Қызылорда, Шалқар, Бейнеу және Маңғыстауға жеткізіледі.

Жобаның тиімділігі зор, ол сәлемдемелерді жеткізу мерзімін екі есе азайтады. Бұрын сәлемдемелер алдымен Ақтөбе облысына келіп, онда сұрыпталып, Маңғыстау облысына жіберілетін, оған 7-10 күн қажет болатын. Жаңа бағдардың арқасында жөнелтілмдерді жеткізудің жалпы мерзімі 3-4 күнге дейін қысқарады. Яғни, енді Алматыдан Маңғыстау облысына теміржол арқылы сәлемдемелерді жеткізу мерзімі екі есе жуық қысқаратын болады.

Арнайы вагон пошта жөнелтілмдерін тасымалдауға сәйкес жабдықталған. Қауіпті заттардың жоқтығына арнайы тексерілген соң ғана сәлемдемелер тасымалдауға жіберіледі.

Айсұлтан АРМАН, Маңғыстау

Инфрақұрылым

БИЫЛҒЫ МЕЖЕ – 1401 ШАҚЫРЫМ

Алдағы бес жыл ішінде Қазақстанда он бір мың шақырым теміржол жөндеуден өтеді. Соның ішінде биылғы жазғы жол жұмыстары 1401 шақырымды қамтымақ. Оның 570 шақырымы күрделі жөндеу еншісінде. Бүгінгі таңда жол техникасын дайындау жұмыстары аяқталып, еліміздің оңтүстік өңірлерінде жол жөндеу жұмыстары басталған.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Жазғы жолды сауықтыру жұмыстарының үлкен көлемі Шу – Қандыағаш тәлімі бойынша 266 шақырымды, Астана – Алматы бойынша 260 км, Жаңа-Есіл – Көкшетау – 161 км, Ақтоғай – Семей-Алтай – 153 км, Қандыағаш – Ақсарай – 138 км, Алматы – Павлодар бойынша 106 км құрамақ.

Өткен жылы жазғы-жол жұмыстары барысында еліміздің барлық өңірі қамтылған еді. Жалпы жұмыстар 1 443 км жол көлемінде орындалды, оның ішінде, 557 км жол күрделі жөн-

деуден өткен болатын. Әртүрлі жөндеу түрлерінен өтіп, жаңа келбетке ие болған тәлімдерде пойыздардың қозғалыс жылдамдығы артатынын атар едік. Мәселен, былтыр 581,4 шақырымда «Тальго» вагондары бар жолаушылар пойыздары үшін; 9 шақырымда электр пойыздары үшін; 656,6 км жолаушылар пойыздары үшін; 605,4 км жүк пойыздары үшін және 480,6 км контейнерлік пойыздар үшін жылдамдық өсті.

Магистральдық желі дирекциясы мамандарының айтуынша, Компанияның инфрақұрылымды жаңғырту бойынша ауқымды жоспарларын жүзеге асырып

жатқан еңбеккерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жасауға айрықша көңіл бөлініп отыр. Айталық, жол шаруашылығы қызметкерлерін санитарлық-тұрмыстық жағдаймен толыққанды қамтамасыз ету мақсатында 215 жылжымалы ғимарат қарастырылған. Былтыр соның 102 ғимараты орнатылса, 2024 жылы 139-ы, ал 2025 жылы 22 ғимарат орнатылмақ. Ал Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту және 2024 жылғы еңбекті ұйымдастыру деңгейін арттыру жөніндегі бағдарлама шеңберінде 93 ғимаратқа ағымдық жөндеу жүргізу жоспарланған.


Сонымен қатар қолайлы еңбек

жағдайларын жасау үшін жол дирекцияларының күшімен ғимараттарды – жылу жүйесін, шатырды және т.б. ағымдық жөндеуден өткізу жоспарланған, ол үшін 465 млн. теңгеден астам сомаға құрылыс материалдары сатып алынбақ.

2025 жылы құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындай отырып, Сай-Өтес станциясы бойынша ПЧ-12 Гараж және Қандыағаш станциясы бойынша ПЧ-6 Қандыағаштың компрессорлық ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізуге арналған екі жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жоспарланған. Сондай-ақ, 2023 жылы арнайы жылжымалы құрамның 721 бірлігі әртүрлі жөндеу түрлерінен өтсе, биыл да жөндеу түрлерінен тағы 996 бірлігі өтпек. Атап өтетін жайт, «Жолаушылар тасымалы» АҚ-нан балансқа машиналарға ілесіп жүретін бригадаларға ыңғайланып қайта жабдықталған 57 класты вагон қабылданған. Осы жылы оның 18-іне күрделі жөндеу жүргізу қарастырылып отыр.

СИТУАЦИЯ ТРЕВОЖНАЯ, НО ПОДКОНТРОЛЬНАЯ

В Костанайской области ситуация с паводком остается крайне напряженной. На данный момент в регионе и в самом областном центре продолжается усиленная борьба с паводком. Из затопленных районов эвакуируют местное население.



Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

На борьбу со стихией вышли не только экстренные службы области, но и железнодорожники, а также городские, сельские коммунальные предприятия, дополнительно привлечены полицейские и военные.

Президент РК заслушал доклад акима Костанайской области о паводке в регионе. Как было доложено, в целом ситуация находится под контролем, сил и средств для борьбы с природным бедствием достаточно. Проводится большая работа по обеспечению безопасности граждан.

Всего по области задействовано 2 237 человек из числа сотрудников МЧС, МВД, МИО, ПС КНБ, ҚТЖ и других организаций, 390 единиц техники, 142 единицы мотопомп, 29 единиц плавательных средств и три воздушных судна. В частности, как сообщил заместитель

директора Костанайского отделения ГП Ильяс Исмаилов, в данных мероприятиях приняли участие 28 работников-добровольцев из Костанайского отделения ГП и Костанайского отделения магистральной сети. Совместно с другими службами и горожанами железнодорожники участвовали в работах на Большом мосту: забивке и укладке мешков для отвода паводка. Большой мост на сегодня – единственная оставшаяся артерия, связывающая оба берега Тобола в областном центре.

Также в данных противопаводковых мероприятиях задействованы все четыре противоразрывных поезда, имеющих в своем составе как крытые вагоны, так и открытые платформы. На платформах и в крытых вагонах поезда – песок для засыпки размывных мест, специальное снаряжение – бутый камень, рельсовые пакеты, некондиционные шпалы – все, что необходимо для экстренного ремонта путей, перекрытия воды в случае прорыва. За период паводка откачано около



771,822 тысячи кубических метров воды, за сутки – 13 860 тысяч кубов. Уложено более 72,799 тысячи мешков. Отсыпано 7 205 тонн инертных материалов. Спасено и эвакуировано 7 487 человек, в том числе 11 человек с ограниченными возможностями и 1 239 детей. В пунктах временного размещения находятся 943 человека, из них 322 ребенка.
(Продолжение на 3-й стр.)



Ардақ ТӨЛЕУҒАЛИЕВ,
Жол және құрылыстар
департаментінің бас менеджері

ТЕМІРЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ ҚАУІПТІ ОРЫНДАР ЕРЕКШЕ БАҚЫЛАУҒА АЛЫНЫП, СУ БҰРУ ЖОЛДАРЫ, КӨПІРЛЕР, БӨГЕТТЕР, СУ ҚОЙМАЛАРЫ МЕН ӨТКІЗУ ҚҰБЫРЛАРЫ, Т.Б. ҚАР МЕН МҮЗДАН ТАЗАРТЫЛДЫ. ЖЫЛДАҒЫДАЙ СУ ШАЙЫП КЕТУГЕ ҚАРСЫ 45 ПОЙЫЗ ЖАСАҚТАЛДЫ. СУ ТАСҚЫНЫ ЖАҒДАЙЫНА КҮНДЕЛІКТІ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ 2025 ЖЫЛДЫҢ СОҒЫНА ДЕЙІН

3000

ЖУЫҚ ЖАҢА ЖҮК
ВАГОНДАРЫН САТЫП
АЛУДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫР.

«АЛМАТЫ СТАНЦИЯСЫ
ТЕМІРЖОЛ ТОРАБЫНА
АЙНАЛМА ЖОЛ САЛУ
ҚҰРЫЛЫСЫ» ЖОБАСЫНА

300

АДАМ ЖҰМЫЛДЫРЫЛҒАН.

ВАГОН ШАРУАШЫЛЫҒЫН-
ДАҒЫ ТҚКҚ ЖӘНЕ
«ВАГОНСЕРВИС» АҚ ТЕЛІМ
БАСТЫҚТАРЫН ОҚЫТУ
БАҒДАРЛАМАСЫНА
ӨНІРЛЕРДЕН

67

АДАМ ҚАТЫСЫП,
ЕКІ АЙ ОНЛАЙН ЖӘНЕ
ОФЛАЙН БІЛІМ АЛДЫ.

ПОНТОН КӨПІРІ ЖЕТКІЗІЛДІ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

ҚР ТЖ вице-министрі Серік Төленбергенов ҚТЖ қызметкерлеріне алғыс айтты. ҚР Қарулы күштерінің понтондық көпір паркін Ақтөбеге жеткізу үшін Ұлттық компания оң платформа және вагонмен қамтамасыз етті.



Ақтөбе облысында 16 мың халқы бар аудан су ортасында қалды. Облыс орталығымен байланыс үзілген ауданға жылжымалы әскери көпір қойылды. Алматының Қонаев қаласынан тиелген әскери инженерлік техника екі күнде темір жол арқылы Ақтөбеге келді. «Жүк 50 сағатта жетті. Қазақстан темір жолы 10 вагон жүкті тегін жеткізуге келісті. Ешқандай қиындық-кедергі болған жоқ. Бір ай, бәлкім екі ай қажет болар. Жол жөнделгенше, көпір қалпына келгенше понтон-көпір Ақтөбеде болады. Жол қатынасы жоқ кішкентай ауылдарға қайықпен, вертолетпен жеткізіп тұрмыз. Мұндай шешім бірінші рет қабылданды. Қорғаныс министрлігіне, Темір жол әкімшілігіне алғыс айтқым келеді. Қиын сәтте қолдап жіберді. ҚТЖ 10 платформа, бір вагон берді. Көпір 60 тоннаны көтереді. Бірнеше жеңіл көлік тасымалданады. Сағат сайын жүреді. Бірінде тақ, бірінде жүп. Халыққа да ыңғайлы», – деді ҚР ТЖ вице-министрі Серік Төленбергенов.

Платформаға понтондық-көпір паркінің құралдары бар автокөліктер, Орал-4320, қалқымалы транспортер, байланыс құралдары және қосалқы мүлік тиелген. Паром өткелін салуға вагонмен 15 әскери қызметші де келді. Инженерлік техника Ақтөбе қаласынан Ойыл ауданына әскери көлікпен жеткізіліп, бір сағатта іске қосылды.

Ал Ақтөбе облысында су тасқынына байланысты қауіп әлі сейілген жоқ. Облыстың 5 ауданында, Қобда, Мұғалжар, Темір, Әйтеке би, Ойыл және Ақтөбе қаласында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай сақталып тұр. Қауіпті аймақтарда су сору, тазалау, тоқтату жұмыстары үздіксіз жүруде. Қапшыққа құм толтыру, бөгет жасау жұмыстарымен қоса теміржолшы жастар тарату гуманитарлық көмекті түсіру, тарату жұмыстарының ортасынан табылуда.

Суретті түсірген автор

ЖАҒДАЙ БАҚЫЛАУДА

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана



Елдегі су тасқынына байланысты қазіргі таңда теміржолшылар қауіпсіздік шараларын күшейткен. Ең алдымен магистральдық желі мен жасанды құрылыстардың жағдайы ерекше бақылауға алынған.

Астана жол дистанциясы қарамағындағы барлық теміржол нысандарын қадағалауда ұстап отыр. Дистанцияның көпір шебері Мендіғали Дәулетшиннің айтуынша, қазіргі таңда жол бойындағы көпірлер мен су өткізетін құбырлар, қиықтар мен таулы жыралар, жолаушылар көпірлері, т.б. теміржол бойындағы суағарлар тазаланып, жасанды имараттардың жағдайы жіті тексерілуде. Олардың бәрі, шөп-шалам мен қоқыстан тазаланды. Тасқынға қарсы іс-шаралар аясында қазіргі таңда дистанцияда 6 вагон – 1 жүк тиелген жабық вагон, темірбетон шпал тиелген 2 платформа, рельс тиелген 1 платформа, қойтастар тиелген 2 вагон дайын тұр.

– Турақты кезекшілік ұйымдастырып, теміржол бойындағы су жиналып қалу қаупі бар орындар, жалпы жол бойы түгел тексерілуде. Көпір шеберлері, жол шеберлері, дистанция бастығының орынбасарлары өз теліміне қарай тұрақты түрде локомотивпен жолдың бойын аралап, су жинала бастаған жерлерді көрсе бірден оның қай шақырымда орналасқанын айтып арнайы чатта хабар береді. Сосын ол жердегі суды жоюға жолшылар барып, тиісті жұмыстарды атқарады. Егер жиналған су қауіпсіздікке нұқсан келтірмей ағып кетіп жатса, оны да айтады. Біздің дистанция бойынша қауіп жоқ, күн сайын кезекшілікке шығып, жағдайды қадағалап отырмыз, – дейді көпір шебері.

Хабарландыру

2024 жылы 10 сәуірде сағат 11:00-де Астана қаласы, Туран даңғылы, 1 мекен-жайында Көліктік сервис орталығы акционерлік қоғамының тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында кірме жолдардың қызметтеріне бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы есебі бойынша жария тыңдауы онлайн форматта өтеді.

Тасқынға – тосқын ЖҰДЫРЫҚТАЙ ЖҰМЫЛҒАН ЖҰРТ...

Өткен жұмадан бастап су тасқыны салдарынан Атыраудың Жылыой ауданынан Маңғыстауға эвакуацияланған халық теміржолмен де, автокөліктермен де тасымалданып жатыр.




Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Түбек халқы төтенше апаттан жан сауғалап жеткен көрші облыс жұртшылығын құшақ жая қарсы алып, барынша қолдау көрсетуде. Олардың қатарында Құлсарыдан тоқсан шақырымдай қашықта орналасқан Опорная станциясына келген үш жанұяның 15 адамына төрін орын берген Опорная станциясының бастығы Ерболат Ақоразов та бар. Эвакуацияланғандардың көбі Құлсарыға жақын болғандықтан ауылынан алыстағы келмей, сол жерде қалғанды жөн көреді екен. Алғашқы лекпен екі жүз адам келсе, жұма-сенбі күндері күндері олардың саны 1600 ге жетті. «Келгендердің біразы өзге ауыл-қалаларға кетіп жатыр. Олардың керек-жабдықтарын түгендеп, пойызға шығарып салудамыз», дейді станция бастығы.

Опорнаядан бері қарай Бейнеу станциясында да сол жағдай. Аудан әкімінің сөзіне сүйенсек, сенбі күнінің өзінде 14 мыңнан астам адам Бейнеудегі ауылдарға орналастырылыпты. Көлігі бар жергілікті халықпен бірлесіп теміржолшылар да Құлсарымен екі ортада қатынап, суға қарсы бөгет жасауға атсалысып, уақытша орналастыру пункттерінде қызмет көрсетіп жүр. Құлсарыға көмекке алғашқылар қатарында аттанған вагон қараушы, еріктілерді басқарып жүрген Жанұдық Бектілеуовтың айтуынша, қазір аудандық еріктілер тобы белсенде жұмыс істеуде. Олардың қатарында түрлі саладан және теміржолдың ПЧ, ШЧ, ДС, депо және басқа да мекемелерінен жігіттер бар.

– Жылыойда су таси бастағаннан мұнайшы Ахан Дауыстыұлы екеуіміз ортақ чат ашып, аудан әкімін, қажетті қызметтерді кіргізіп,



көмек қолын жинай бастадық. Азаматтардың қолдауымен 10 мың қап пен күрек алып суға қарсы бөгет жасауға аттандық. Жігіттеріміз Құлсарының төртінші, жетінші ауылдарына бөгет қоюға қатысты. Жолға шыққан көліктерді «Ақжолды» газ құю бекеті тегін жанармаймен қамтамасыз етті. Жол бойы ауыл азаматтары барынша қолдау көрсетіп жатыр. Көлігі, мүмкіндігі барлар күн-түн демей, Құлсарыдан кіреберістегі бекетке жиналған адамдарды алып келуде. Ешкім қол қусырып отырған жоқ, ел басына күн туғанда етігімен су кешіп жүрген халық көп, – дейді Жанұс Бектілеуов.

Бейнеудегі локомотив айналым депосының ұжымы да эвакуацияланған жандарға өз қызметін ұсынуда. Теміржолшылардың демалыс үйі мен «Ақсалим» спорт залы және «ҚазАвтоЖол» мекемесін де уақытша паналау орталығына айналдырып, көшіп келгендерге жылы орын беріп, ас-су ұсынды.

«Біз, теміржолшылар мен еріктілер су тасқыны салдарынан зардап шеккендерге

ҚОСЫМША ПОЙЫЗДАР ҚАТЫНАУДА

Атырауда су тасқынына қарсы шаралар қарқынды жүргізіліп жатыр. Облыста төтенше жағдай жарияланып, қауіпті аймақтан адамдар көшірілуде.



Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Жем өзенінің тасуы әсерінен Құлсары қаласының біраз бөлігін су басып қалып, қазірде су деңгейін төмендету жұмыстары жүргізілуде. Ордабай, Қызылжар каналдарына қарай бағыттағы бөгетті жарып, суды сонда ағызып жатыр. Жайық өзені тасуы мүмкін болғандықтан қала-аудандарда да жағалауды бекіту жұмыстары қызу жүріп жатыр.

Теміржолшылар қосымша пойыздар шығаруда. Сәуірдің 5-күні Құлсары – Атырау пойызы жүргізіліп, алғашқы күні 385 адам, оның ішінде 99 бала қалаға жеткізілген. Бұл пойыз әлі де өз жұмысын жалғастыруда. Атырау қосалқы бөлімінің бастығы Аслан Базарғалиевтің айтуынша, 07.04 күні Құл-

сары – Маңғыстау бағытында да қосымша пойыз шығарылып, оған 500-ге жуық адам отырғызылған. Құлсарыда 3375 адамға көмек көрсетіліп, 1660 адам эвакуацияланған. Атыраудан Құлсарыға пойыз арқылы 7 сәуір күні 3 вагон ауыс су мен 4 вагон азық-түлік жеткізілсе, 8 сәуір күні күрек, қапшық, құрал-саймандар, азық-түлік, сусындар, киім-кешек, гигиеналық заттар тиелген тағы жеті вагон жүріп кетті.

Аймақтағы апатты ахуалға орай өңірде келген «ҚТЖ» АҚ ҰК Басқарма төрағасы Н.Сауранбаев пен орынбасары Қ.Әлмеғамбетов бастаған компания басшылығы Құл-

жылы орын жасақтап, жылқы сойып, қазан көтеріп, ас-су әзірледі. Бейнеуге тек кешегі күні 6500-ден астам адам келді», – дейді Бейнеу айналым депосының машинисі Арал Батыр.

Айтуынша, олар өз алдына штаб құрып, кезекшілік ұйымдастырып, сол жерде тұрып жатқандардың керек-жарағын түгендеп отырған көрінеді. Олардың Маңғыстау депосындағы әріптестері Бейнеуге қаржылай қолдау көрсетіп, автожолдардың жабылуынан жолда тұрып қалғандарға көмектесуде.

Бейнеу станциясының ұжымы да станция бастығы Есет Хайруллиннен бастап, табиғи апат аумағынан келгендерге қызмет көрсетуде. Ауданға бас сауғалай келген жандарды үйіне алып кетіп, күтімін жасап жатқан жайлары бар. Үстірт станциясындағы тұрғындар мен теміржолшылар да төтенше жағдайда тосыннан келген екі жүз адамды қабылдады. Әлеуметтік нысандарда тағы да қосымша орындар дайындалған.

Жылыойлықтар Маңғыстау станциясына да жеткізілуде. Жексенбі күні екі жүзден астам адам Маңғыстау вокзалына Атырау – Маңғыстау пойызынан түсті. Оларды Мұнайлы ауданының әкімі күтіп алып, біразын өз өтіншітері бойынша Қарақия ауданына жеткізіп, біразын қонақүйден әзірленген бөлмелерге орналастырды. Сондай-ақ, Бейнеудің Қоркөл станциясында да 473 адам келіп, 50 үйге орналастырылған. Дүйсенбі күні тағы мыңнан аса халық Маңғыстау вокзалына келіп түсті. 492 адам арнайы пойызбен, қалғаны Алматы – Маңғыстау, Атырау – Маңғыстау бағытындағы пойыздармен жеткізілді. Келушілер Мұнайлы ауданындағы жатақхана мен эвакуациялық орындарға жіберілді. Сондай-ақ, өз өтінші бойынша арнайы маршрутпен облыс орталығы мен басқа аудандарға, бұдан бөлек үйлерге жайғастырылды. Көптің қатарында вокзал басынан 8 адамнан тұратын бір отбасын Маңғыстау өртке қарсы қызметінің бастығы Қайырхан Таласов та үйіне алып кетті. Отбасының үлкені 1948 жылы туған Габбасова Мария келін-баласы және немерелерімен, Құлсары қаласының тұрғындары.

Төтенше жағдайлар департаментінің ақпараты бойынша азаматтарды қабылдау үшін 83 мың адамға есептелген 200-ден астам эвакуациялық пункт ашылған.

ҚАУІПТІ БЕТІ СЕЙІЛДІ

Семейде, жалпы Абай облысы бойынша су тасқыны жағдайы біртіндеп тұрақтанып келе жатыр. Апаттың алдын алу бойынша үйлестірілген жұмыстар теміржол және автокөлік көпірлерін су шайып кетуден аман алып қалды.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

ТЖ департаменті мен әскери бөлімдердің қосымша күштері жұмысқа қосылып, аймақта ауқымды шаралар атқарылды. Осыған дейін су басу қаупі төнген, теміржол магистралі өтегін үш ауданның үшеуінде де қауіп сейілді. Сонымен қатар, Аягөз өңірінде жарияланған төтенше жағдай режимі өткен сенбі күні күшін жойды.

Қазіргі таңда тек еріген суды

бұру, сондай-ақ автокөлік жолдарының бүлінген учаскелерін қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жарма өңіріне қарасты Шар – Өскемен теміржолының Белтерек ауылдық округі тұсында су тасқынына қарсы бөгеттер тұрғызылып төнген апаттың беті қайтарылды. Пойыз қозғалысына кедергі келген жоқ.

Су тасқыны басталғаннан бері тоғыз елді мекенде 22 тұрғын үй су астында қалды. Олардың арасында теміржолшылардың үйлері жоқ. Сол тәрізді қазіргі таңда су тасқыны

басталғаннан бері барлық эвакуацияланған 377 адам үйлеріне оралды. Олардың арасында Үшбiк станциясының тұрғындары бар. Қызылсудан келген залал оның мөлшері анықталғаннан кейін толық өтелетін болады. Азаматтар мен олардың дүние-мүлкінің қауіпсіздігін жергілікті ішкі істер органдары қамтамасыз етуде.

Су тасқыны кезінде Аягөз ауданында жоғалып кеткен екі адам әлі іздестірілуде. Оған еріктілермен бірге аягөздік теміржолшы жастар да қатысуда.

Желі бойындағы жұмыстар штаттық режимде жүріп жатыр. Теміржолды кесіп өтетін Аягөз, Шар, Қызылсу, Жарма, Шаған өзендерінің су деңгейі көтерілгенімен қауіпті жағдайда емес. НЖС-6 бөлімшесіне тиесілі 440 көпір, 368 құбыр бақылауда тұр. Магистральға таяу орналасқан су қоймаларына тәуліктік бақылау орнатылған. Құзырлы орындар шығыстағы су тасқыны жағдайы бойынша тек ресми ақпарат көздеріне сенуді сұрайды.

Суретті түсірген автор



Паводок

СИТУАЦИЯ ТРЕВОЖНАЯ, НО ПОДКОНТРОЛЬНАЯ

(Окончание. Начало на 1-й стр.)

Работа по откачке талой воды, укладке мешкотары продолжается в Джангельдинском, Мендыкаринском, Федоровском, Денисовском, Карабалыкском, Карасусском, Костанайском, Аулиекольском, Б. Майлина, Камыстинском районах, а также в Аркалыке, Костане и Рудном.

Большую помощь оказывают железнодорожники, волонтеры, неравнодушные граждане, которые практически круглосуточно оказывают помощь в противопаводковых мероприятиях, обеспечивают горячим питанием и чаем дежурных сотрудников коммунальных служб, государственных и правоохранительных органов. Продолжаются работы по мониторингу паводковой обстановки. Ситуация находится под контролем, заявляют власти.

Как сообщил ведущий инженер отдела пути Костанайского отделения магистральной сети Марат Орумбаев, на станциях и пере-



гонах региона продолжают круглосуточно следить за уровнем воды, а также проводить мероприятия по предотвращению подтоплений на путях. В настоящее время под контролем руководства проводится целый ряд комплексных мероприятий, направленных на то, чтобы быстро и эффективно справиться

с возможным приходом воды на железнодорожные пути.

Регулярно производятся замеры русел рек Ирғиз, Аят, Тобол. На сегодня уже полностью очищены от снега и открыты для пропуска воды трубы, расположенные под полотном в наиболее опасных местах. На наиболее уязвимых в паводок участках дорог полным ходом ведутся очистка и вскрытие водопропускных труб. Если вода со степи подходит вплотную к железной дороге, по этим трубам ее пропускают через пути, таким образом нейтрализовав ее воздействие на полотно. Помимо вскрытия труб, костанайские железнодорожники приготовили мотопомпы для откачки воды там, где в этом может возникнуть необходимость. Круглосуточно проводятся объезды паводкоопасных мест с целью отслеживания уровня таяния снега и последующего подъема воды.

Фото автора

УГРОЗ НЕТ

На сегодняшний день ситуация в Карагандинской области по паводку стабильная. Замечаний и угроз со стороны железнодорожных структур нет. Работа по водоборьбе проводится в штатном режиме.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Об этом сообщил директор Карагандинского филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Марат Ибраев.

– Со стороны ДЧС в наш филиал были направлены письменные обращения с просьбой о выделении классных вагонов для вывоза людей со станции Балхаш на станцию Караганда ввиду того, что на трассе Балхаш – Караганда в районе Аксу-Аюлы смыло дорогу. Нашим филиалом совместно с АО «Пассажирские перевозки» был организован один классный вагон, прицепленный к поезду № 605. Кроме того, со станции

Балхаш было отправлено шесть классных вагонов с пассажирами в количестве 200 человек на станцию Караганда, – сказал он.

По просьбе акимата Карагандинской области также был выделен один классный вагон в связи с разрывом автодороги в поселке Атажу. Жители в поезде привезли в районный центр, где они смогли закупиться продуктами, и привезли обратно на станцию Атажу, – рассказал Марат Ибраев.

К неблагоприятному прогнозу подготовились и железнодорожники ПЧ-24 Караганда станции Караганда-Сортировочная. Существующее водопропускное сооружение – коллектор, прохо-



дящий через нечетную горловину узла и пересекающий парк ЭЦ-1, полностью очищен и пропускает через себя многочисленные талые воды. Его длина составляет более 200 метров.

По словам главного ревизора департамента безопасности движения по Карагандинскому участку Булатбека Альмураева, коллектор обеспечивает сток талых вод со всех уголков станции, а также близлежащих сопков. Все они благополучно стекают в коллектор.

– Сооружение удобно тем, что жилые массивы, железнодорожное полотно инженерные сооружения надежно защищены


от паводка, и им не грозит подтопление. Коллектор обеспечивает стабильную водопропускную способность, – подчеркнул он.

На сегодняшний день в верховьях Нуры и Шерубай-Нуры фактически прекратились активные процессы таяния. Снежный покров незначительный. На притоках активных поступлений воды в русло реки Нуры не отмечено. На территории Каркаралинского и Бухар-Жырауского районов пик паводка, кроме озера Қарасор, находящегося на перегоне Ащису – Саумалколь, прошел.

Ситуация находится под контролем.

Фото автора

СО ЗНАКОМ ПЛЮС



